

**БАЛҒАБЕК ҚАДІРБЕКҰЛЫ**

15.4.1929, Алматы  
облысы Жамбыл  
ауданы Таран ауылы

—

25.6.1995, Алматы  
— журналист, жазуш  
ы.



**1950 жылы –  
Қазақ Мемлекеттік  
Университетті бітірді**





Қазіргі “Егемен  
Қазақстан” газетінде әдеби  
қызметкер, бөлім  
меңгерушісі,  
бас редактордың орынбасар  
ы қызметтерін атқарған  
1960 – 1973.

1983 – 1987 жылдары осы  
газеттің бас редакторы.

Қазақстан журналистер  
одағы басқармасының  
төрағасы болды.



Алғашқы фельетондар жинағы “Ешкімге айтпа” деген атпен 1962 жылы жарық көрген. “Шайтанның шатағы” (1966), “Қарасандық” (1969), “Маздаған шырақ” (1971), “Ұрының еншісі” (1972), “Ақпа құлақ” (1978), “Алатау” (1 – 2 кітап, 1986, 1991), “Ақымақтың миы” (1993), “Түгел сөздің түбі бір” (1993), “Қым-қиғаш жылдар” (1993), “Қайран Ораз” (1999), т.б. кітаптары жарық көрген.

■ **Фельетон** (фр. *feuilleton, feuille* – парақ) – публицистикалық негіздегі әдеби шығарма.

■

Әдеби термин ретінде 19 ғасырдан қолданыла бастады. Француздың “*Журнал де Деба*” газеті өзінің қосымша шығарған парақтарын фельетон деп атаған. 19 ғасырдың 1-жартысында болған француз революциялары кезінде бұл парақтарда негізінен қоғамды сынайтын мақалалар басылды. Кейіннен “Фельетон” термині Франциядан Германияға, кейін Ресейге ауысты. Неміс, орыс баспасөздерінің белгілі бір беттері фельетон деп аталып, онда қоғамдық-саяси мақалалар, сыни-айтыс еңбектер, әдеби шолулар жарияланды. Келе-келе фельетон белгілі бір нысананың кемшіліктерін күлкіге айналдыратын сатиралық жанрға айналды. Қазақ жерінде алғаш 20 ғасырдың бас кезінде пайда болды. “Айқап” журналы өзінің негізгі бөлімдерінің бірін фельетон деп атап, онда қазақтардың тұрмыс-тіршілігі туралы әр түрлі мақалалар, көркем әңгімелер, тарихи деректер жариялап отырды.

# ФЕЛЬЕТОНЫ.







Балтабек  
Қыдырбекұлы



Алатау

Балтабек  
Қыдырбекұлы



Ақынға тірі ескерткіш

Балтабек  
Қыдырбекұлы



Ақымақтың миы

Балтабек  
Қыдырбекұлы



Әзіл-оспақтар

Балтабек  
Қыдырбекұлы



Правда

Балтабек  
Қыдырбекұлы



Жалғыз жолбарыс өлімі

БАЛҒАБЕК  
ҚЫДЫРБЕКҰЛЫ  
**Алатау**

ROMAN

Екінші кітап



ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
1991

Алматы қаласындағы «Ел-шежіре» баспасынан Балғабек Қыдырбекұлының «Алатау» атты романы жарық көрді. Бұл роман алғашында екі кітап болып, жеке-жеке баспа бетін көрген еді. Енді сол екі кітап роман мазмұнына сәйкес біріктіріліп басылып отыр.

Кітап Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылған.

- ▣ «Алатау» романы кеңестік дәуірдегі «Ұлы қазан революциясы» деп танылған тарихи оқиғаны, одан кейінгі жылдардағы отырықшыландыру, коллективтендіру, колхоздастыру кезеңдерін қамтиды. Сол бір сындарлы кезеңдегі қазақ халқының ауыр тұрмысын, әлеуметтік жағдайларын суреттейді. ХХ ғасырдың 30-жылдарындағы колхоздастыру кезеңінде жіберілген асыра сілтеулер, соның салдарынан ұлтымызды жайлаған ашаршылық жайы кеңінен баяндалады. Осы ауыр кезеңнен өтіп, есін жия бастаған елді тағы да ауыр күндер күтіп тұр еді. Бұл кітапта сол бір нәубеттен құтылған елдің басына түскен екінші зобалаң да, яғни 1937-1938 жылдардағы жаппай жазалау науқаны да халықтық трагедия ретінде толыққанды суреттелген.



У.Қалижанов алғысөзінде Балғабек Қыдырбекұлы зейнеткер болған кезінде де үйде отырмай, атқа мініп, Алатаудың көркем, тарихи жерлерін аралағанын еске алап келіп, сондай сапардың бірінен кейін қаламгердің жүрегі тоқтағанын жазады. Б. Қыдырбекұлы 1995 жылы дүниеден озды. «Ол не көрмеген, ол не көтермеген жүрек?! Жүрек те шаршайды екен. Әрине, адамдардың наласынан...», - деп ой толғайды.

- Жүрісі қандай – қашанда қағылез, жып-жинақы, ширақ. Киім киісі қандай – үстіне құйып қойған ба дейсің. Сыпайы, сырбаз. Кейде өзі құралпы ағалардың ортасында жайраң қағып кетіп бара жатса, енді бар ма, қой бастаған серкедей жарасар еді. Кіл өңкей сайдың тасындай ірікті қаламгерлер, “қазақ журналистикасы” дейтін жаңа қалыптасқан жарасты ортаның бір-бір бұланайы. “Атағынан ат үркетін” дегенді қазекем осындайда айтқан болар-ау. Әйтеуір біз маңайлай алмаймыз, алыстан көз суарып, алмай-бермей тәнтіміз. Әсіресе Бәкеңе... Атақты фельетоншы. Болашағынан зор үміт күттіретін журналист. Ол кезде сырттай көріп, көңілге түйгеніміз болмаса, біле бермейміз ғой, бірақ кейін келе анық көзіміз жеткені: өз тұрғыластары, тіпті жасы үлкендеулері де ол кісіні шынында серке санайтын. Тегі, ондай көсемдік (лидер мағынасындағы) қасиеттері бала кезінен-ақ білінген сияқты. ҚазМУ-де өзімен бірге оқыған достарының айтуына қарағанда, бірінші курста жүргенде-ақ бәрі қайырған қаршығадай дейтіндей осынау құбақан баланың ықпалына түсіп, жас та болса бас деп мойындаса керек. “Қой асығы демегін – қолыңа толса сақа тұт, жасы кіші демегін – ақылы асса аға тұт” дегенді айтқан қазақ қандай даңғыл! Ал сөйткен Бәкең біз көргенде де сол қалпында еді.



Балғабек Қыдырбекұлының тағы бір феномені – қырық жылға жуық журналистік қызметінде табан аудармастан тек бір ұжымда – “Социалистік Қазақстанның” (“Егемен Қазақстанның”) редакциясында жұмыс істеуі. 1950 жылы университетті тәмамдап, осынау қасиетті қара шаңырақтың та балдырығын имене аттаған жас журналист сол кездегі небір алағай да бұлағай күндердібасынан өткеріп, қатардағы тілші – фельетоншы – бөлім меңгерушісі – редактордың орынбасары – редактордың бірінші орынбасары дейтін сатылардан өтіп, еліміздің бас газетінің бас редакторы дәрежесіне дейін көтерілді. Базбірде Балғабек Қыдырбекұлы маған “Социалистік Қазақстан” болып елестейді дейтінім осыдан.



Бәкең газетте ғана емес,  
күнделікті өмірде де кілең бір  
күрмеулі мәселе  
лердің бел ортасында жүреді:  
біреуге көмектеседі,  
біреудің сөзін сөйлейді,  
бедел салады,  
біреулермен жаға жыртысады.  
Шатақты өзі іздеп жүріп тауы  
п алатын сияқты.  
Бірақ соның бәрі,  
түптеп келгенде,  
“Социалистік Қазақстанның”  
қамы үшін,  
соның абыройы үшін істелеті  
н. Әрі, ғажабы,  
Бәкең қолға алған шаруа оңын  
ан келмепті дегенді естімеп  
піз.  
“Нағыз наркескен ғой біздің Б  
әкең!” – десетін біз мақтанып.



Балғабек Қыдырбекұлы өз шығармаларында халық тарихын, ірі тұлғалар бейнесін сомдаған. Қазыбек бек

Тауасарұлының жазбалары деп саналатын қолжазбаны (“Түп тұқияннан өзіме дейін”) тауып, кітап етіп шығарды. Қаз КСР Жоғ. Кеңесінің екі мәрте (1983, 1990) депутаты болып сайланды. Еңбек Қызыл Ту, Халықтар Достығы ордендерімен марапатталған.